

Тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шарт

Шымкент қ.

№25 (м)

Бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын "М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы, Жарғы негізінде әрекет ететін Әкімшілік шарушылық істері жөніндегі департамент директоры Акимжанов Орынбасар атынан бір тараптан және бұдан әрі «Өнім беруші» деп аталынатын "Зангар и К Security" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, Жарғы негізінде әрекет ететін Директор Аханбаев Омирсерик Омирзакович атынан екінші тараптан, бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» деп аталатындар, 39-бап 3-тармақ 42-тармақша егер біртекті тауарлардың құндық мәндегі жылдық көлемі тиісті қаржы жылына республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің бір жүз еселенген мөлшерінен аспаса, осындай біртекті тауарларды, егер біртекті жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің құндық мәндегі жылдық көлемі айлық есептік көрсеткіштің бес жүз еселенген мөлшерінен аспаса, ал аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдерінің аппараттары үшін айлық есептік көрсеткіштің үш мың еселенген мөлшерінен аспаса, осындай жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу; «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң), «Тікелей шарт тұжырымы бір дерекөздерден» мемлекеттік сатып алудың тәсілі негізінде осы тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасты және мына төмендегі туралы келісімге келді:

1 Шарттың мәні

1.1 Өнім беруші осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын оған қосымшаларда көрсетілген шарттарға, талаптарға сәйкес және баға бойынша Тауарды жеткізуге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші осы Шарттың талаптарымен Тауарды қабылдауға және Шарт бойынша Өнім беруші өз міндеттемелерін тиісінше орындау шартында төлеуге міндеттенеді.

1.2 Төмендегі санамаланған құжаттар және оларда айтылған талаптар осы Шартты құрайды және оның ажырамас бөлігі болып саналады, атап айтсақ:

- 1) осы Шарт;
- 2) сатып алынатын тауарларды жеткізу шарты (1-қосымша);
- 3) техникалық ерекшелік (2-қосымша).

2 Шарттың сомасы және ақы төлеу шарттары

2.1 Шарттың жалпы сомасы Шартқа № 1 қосымшада айқындалады және 7 780 799.00 (жеті миллион жеті жүз сексен мың жеті жүз тоқсан тоғыз тенге нөл тиын)) теңгені құрайды және Тауарлар жеткізумен байланысты барлық шығыстарды, ҚҚС-сыз (бұдан әрі – Шарттың сомасы) қамтиды.

2.2 Жеткізілген Тауар үшін төлемді Тапсырыс беруші Тауарларды қабылдап алу-беру актісіне Тараптар қол қойған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірмей Өнім берушінің есеп шотына ақшалай қаражат аудару арқылы жүргізеді

2.3 Сандық және құндық шамадағы жеткізілетін тауар көлемі Шартқа 1-қосымшада



келтірілген.

2.4 Төлеу алдындағы қажетті құжаттар

- 1) қол қойылған Шарт;
- 2) жүкқұжат
- 3) Тауарларды қабылдап алу-беру актісі (актілері);
- 4) Қағидаларға 22-4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тауарлардағы жергілікті қамтудың үлесі бойынша есеп (шарттық міндеттемелер толық орындалғаннан кейін ұсынылады);
- 5) Өнім беруші Тапсырыс берушіге берген, жеткізілген тауарлардың сипаттамасымен, санын, бірлік бағасын және жалпы сомасын көрсете отырып, шот-фактура;

3 Тараптардың міндеттемелері

3.1 Өнім беруші мыналарға:

- 1) Шарт бойынша өзіне алған міндеттемелердің толық және тиесілі орындалуын қамтамасыз етуге;
- 2) Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын осы Шартқа қосымшаларда көрсетілген талаптарға тауарлардың сәйкестігін қамтамасыз етуге;
- 3) Тауарларды түпкілікті арналған пунктіне тасымалдау кезінде олардың бұзылудан немесе бүлінуден сақтай алатын орауышын қамтамасыз етуді. Орауыш қандай да бір шектеусіз қарқынды жүктеу-тасымалдау өңдеуі мен экстремалды температуралардың әсерлерге, тасымалдау кезінде тұздар мен жауын-шашынға, сондай-ақ ашық түрде сақтауға төзе алатын болуы қажет. Оралған жәшіктер габариттері мен олардың салмақтарын айқындау кезінде, Тауарлар тасымалының барлық пункттерінде жеткізудің соңғы пунктінің алыстылығын және қуатты жүккөтергіш құралдарының бар болуын ескеру қажет;
- 4) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімсіз Тапсырыс беруші немесе Шарттың жағдайларын орындау үшін Өнім беруші тартқан персоналдан басқа оның атынан басқа тұлғалар ұсынған техникалық құжаттаманың мазмұнын ашпауға міндеттенеді. Көрсетілген ақпарат бұл персоналға құпия түрде және міндеттемелерді орындауға қажетті шамада ұсынылуы тиіс;
- 5) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімсіз жоғарыда көрсетілген құжаттарды және ақпаратты Шартты жүзеге асыру мақсатынан басқа мақсатта пайдаланбауға;
- 6) Тапсырыс берушінің бірінші талабы бойынша Шарт бойынша міндеттемелердің орындалу барысы туралы ақпарат ұсынуға;
- 7) Өнім берушінің Шарттың талаптарын тиісінше орындамауынан және/немесе өзге де заңсыз іс-әрекеттермен туындаған келтірілген залалдарды Тапсырыс берушіге толық көлемде өтеуге міндеттенеді.
- 8) электрондық-цифрлық қолтаңбамен бекітілген тауарларды қабылдау-беру актісін



ресімдеуге және Тапсырыс берушіге веб-портал арқылы жіберуге

9) Тапсырыс беруші орындалған жұмыстар актісін бекіткеннен кейін Электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде шот-фактураны электронды нысанда жазып беру қағидаларына сәйкес электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесі арқылы электрондық нысанда шот-фактура жазуға міндеттенеді.

3.2 Өнім беруші:

1) Тапсырыс берушіден Шарт бойынша жеткізілген Тауарларға төлем талап етуге;

2) Тапсырыс берушімен алдын ала орындау мерзімін келісе отырып, Шартқа № 1 қосымшада көрсетілген Тауарды мерзімінен бұрын жеткізуге құқылы.

3.3 Тапсырыс беруші:

1) тауар жеткізу үшін Өнім берушінің мамандарының қол жеткізуін қамтамасыз етуге;

2) тауардың сәйкессіздіктері мен кемшіліктері анықталған кезде тез арада Өнім берушіні жазбаша хабарландыруға;

3-1) тауарды (тауарларды) қабылдау-беру актісі бекітілгеннен кейін Электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде шот-фактураны электронды нысанда жазып беру қағидаларына сәйкес электрондық шот-фактуралар ақпараттық жүйесі арқылы электрондық нысанда Өнім беруші жазып берген шот-фактураны қабылдауға;

3-2) тауарды қабылдап алу кезінде веб-портал арқылы Тауарды қабылдап алу-беру актісін бекітуге не Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 426-4-тармағында белгіленген мерзімде оны қабылдамаудың дәлелді негіздемелерін көрсете отырып, Тауарды қабылдаудан бас тартуға.

Бұл ретте тауарды қабылдап алуды Тапсырыс беруші немесе сенімхат бойынша оның өкілі жүзеге асырады;

4) осы Шартта белгіленген тәртіпте және мерзімдерде төлем жүргізуге міндеттенеді.

3.4 Тапсырыс беруші:

1) жеткізілген Тауарлардың сапасын тексеруге;

2) Тауар мерзімінен бұрын жеткізілген жағдайда Тапсырыс беруші Тауарды мерзімінен бұрын қабылдауға және ол үшін Шарт талаптарына сәйкес ақы төлеуге құқылы. Тауарды мерзімінен бұрын жеткізуден бас тартуға оны қабылдау мүмкін болмаған жағдайларда жол беріледі.

4 Тауарлардың техникалық ерекшелікке сәйкестігін тексеру

4.1 Тапсырыс беруші немесе оның өкілдері жеткізілген Тауарлардың техникалық ерекшелікте (Шартқа 2-қосымша) көрсетілген талаптарға сәйкестігі тұрғысынан бақылау мен тексеру жүргізе алады. Бұл ретте осы тексерістер бойынша барлық шығыстарды Өнім беруші көтереді. Тапсырыс беруші Өнім берушіні осы мақсаттар үшін белгіленген өз өкілдері туралы жазбаша түрде уақтылы хабарлауы тиіс.



4.2 Осы Шарт шеңберінде жеткізілген Тауарлар техникалық ерекшелікте көрсетілген стандарттарға сәйкес немесе олардан жоғары болуы тиіс.

4.3 Егер тексеру кезінде жеткізілген Тауарлардың нәтижелері техникалық ерекшеліктің (Шартқа 2-қосымша) талаптарына сәйкес келмейді деп танылса, Өнім беруші, Тапсырыс беруші тарапынан ешқандай қосымша шығынсыз, техникалық ерекшелік талаптарына сәйкессіздіктерді жою бойынша шараларды тексеру сәтінен бастап 3 жұмыс күні ішінде қолданады.

4.4 Тауарлардың техникалық ерекшелікке сәйкестілігін тексеру Өнім беруші немесе қосалқы мердігер(лер) аумағында, жеткізу орнында және (немесе) Тауарлардың түпкілікті мақсат пунктіне жүргізілуі мүмкін. Егер олар Өнім беруші немесе оның қосалқы мердігері(лері) аумағында жүргізілетін болса, Тапсырыс беруші инспекторларына, Тапсырыс беруші тарапынан ешқандай қосымша шығынсыз, сызбалар мен өндірістік ақпараттарға рұқсатты қоса алғанда, барлық қажетті құралдар мен көмек ұсынылатын болады.

4.5 Жоғарыда көрсетілген тармақтың ешқайсысы Өнім берушіні Шарт бойынша басқа міндеттемелерден босатпайды.

5 Тауарларды жеткізу және құжаттама

5.1 Өнім беруші Тауар арналған пунктте Тапсырыс берушінің өкіліне мынадай құжаттарды ұсынуға міндетті:

1) жүкқұжат түпнұсқасы 2;

2) ақпарат Тауардың өзінде және/немесе орамасында көрсетілген не Тауар сапасы дайындаушы кәсіпорынның мөртаңбасымен немесе белгілерді таратып жаза отырып, басқа белгімен Тауардың өзінде және/немесе оның орамасында расталған жағдайларды қоспағанда, Тауардың жиынтығы, оның техникалық сипаттамасы, пайдалану қағидалары, кепілдігі туралы мәліметтерді және Тауардың сапасын және оның Қазақстан Республикасында танылған нормативтік-техникалық құжаттарға сәйкестігін айқындау үшін қажетті басқа да мәліметтерді қамтитын дайындаушы зауыт (жөнелтуші) берген зауыттың сапа сертификатының және/немесе техникалық паспортының түпнұсқалары немесе нотариалды куәландырылған көшірмелері;

3) сәйкестігін міндетті түрде растауға жатпайтын Тауарларды қоспағанда, өнім беруші растаған Тауардың сәйкестігін бағалау туралы құжаттың (сәйкестік сертификаты / сәйкестігі туралы декларация / мемлекеттік тіркеу туралы куәлік) көшірмесі;

4) Дайындаушының немесе Жеткізушінің (қажет болған кезде) кепілдік (міндеттеме) сертификаты

5) Егер Тауар Қазақстанда шығарылған болса, онда белгіленген үлгіде «СТ-KZ» Тауардың шығарылуы туралы сертификаттың түпнұсқасы немесе көшірмесі, не уәкілетті ұйым растаған көшірмесі Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрі міндетін атқарушысының 2015 жылғы 24 ақпандағы № 155 бұйрығымен бекітілген Тауардың шығарылған елін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою жөніндегі қағидалармен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10947 болып тіркелген) (бұдан әрі - Тауардың шығарылған елін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою жөніндегі қағидалары) сәйкес беріледі.



Егер жеткізілетін қазақстандық тауарлардың көлемі екі және одан көп бірлікті құраса, онда белгіленген үлгідегі түпнұсқасы немесе көшірмесі не жеткізілетін көлемге (үлгіге берілген сертификатты қоспағанда) немесе сериялық өндіріс өніміне тауардың шығарылған елін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою жөніндегі қағидаларға сәйкес берілген «СТ-KZ» тауардың шығу тегі туралы сертификаттың Уәкілетті ұйым куәландырған көшірмесі ұсынылады.

Егер Тауар шетелде шығарылған болса, онда шығарған елдің тиісті органы белгілеген тәртіппен берген Тауардың шығуы туралы тиісті сертификаттың түпнұсқасы немесе көшірмесі беріледі.

Осы тармақтың 5) тармақшасының талаптары тек құны республикалық бюджет туралы заңмен тиісті қаржы жылына белгіленген мың айлық есептік көрсеткіштен асатын мемлекеттік сатып алу туралы шарттарға таратылады.

5.2 емесе бүлінуі тәуекелін қоса алғанда, онымен байланысты барлық тәуекелдер Тараптар Тауарды қабылдап алу-беру актісіне қол қойған сәттен бастап Тапсырыс берушіге ауысады. Осы сәттен бастап 14 (он төрт) күнтізбелік күн ішінде Өнім беруші Тапсырыс берушіден Тауарды қабылдау кезінде анықтау мүмкін болмаған Тауардың ақаулықтарына байланысты кінәраттарды қабылдайды.

5.3 Жеткізу Өнім беруші Тапсырыс берушіге Тауарды техникалық ерекшелікте көрсетілген талаптарға дәл сәйкестікте толық беру шартында жасалды деп есептеледі.

5.4 Осы Шарттың 5.3-тармағының талаптары сақталған кезде Тауарды жеткізу/беру күні деп өнім берушінің веб-портал арқылы тапсырыс берушіге тауарды қабылдап алу-беру актісін жіберген күні есептеледі.

6 Кепілдік. Сапа

6.1 Өнім беруші осы Шарт шеңберінде жеткізілетін Тауардың:

1) сапалы және сатып алынатын тауарларға ұлттық стандарттардың, ал олар болмаған жағдайда мемлекетаралық стандарттардың талаптарына сәйкес келетініне;

2) жаңа, пайдаланылмаған, зауыт орамасында, материалы мен орындауында ешқандай ақаулықтары жоқ екендігіне;

3) өнеркәсіптік және (немесе) басқа зияткерлік меншікке негізделген үшінші тұлғаның кез келген құқықтары мен талаптарынан бос екеніне кепілдік береді.

6.2 Тауардың сатып алынатын тауарлар тізбесіне және осы Шартқа қосымшаларда көрсетілген техникалық ерекшелікке сәйкес толық жеткізілмегені анықталған немесе жеткізілген Тауарда ораманы ашу кезінде жасырын қандай да бір зауыт ақаулары анықталған жағдайда немесе егер Тауар сапасы техникалық дайындау талаптарына толық сәйкес келмесе, Тапсырыс беруші жиырма күндік мерзімде жарнамалық акті жасайды, ал Өнім беруші 14 (он төрт) күнтізбелік күн ішінде өз есебінен Тауарды жаңасына ауыстырады.

6.3 Жеткізілетін Тауардың кепілді кезең Тауар Тапсырыс берушінің қоймасына түскен күннен бастап 12 (он екі) күнтізбелік ай деп белгіленеді. Ауыстырылған немесе жөнделген Тауар үшін кепілдік мерзімі жаңа Тауарға ауыстырылған сәттен бастап басталады. Тауар ақауларын жою, ауыстыру бойынша, оның ішінде кедендік тазалауға байланысты барлық шығыстарды Өнім беруші көтереді. Егер туындаған ақауларды жоюда іркіліс Өнім берушінің



кінәсінен болған жағдайда кепілдік беру мерзімі тиісті уақыт кезеңіне ұзартылатын болады.

7 Тараптардың жауапкершілігі

7.1 Тараптар осы Шарт шеңберіндегі өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда барлық даулар мен келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

7.2 Секвестр және/немесе тиісті бюджеттердің қолма-қол ақшаны бақылау шотында/мемлекеттік кәсіпорындардың, дауыс беретін акцияларының елу және одан астам проценті мемлекетке тиесілі заңды тұлғалардың есеп шотында ақша жетіспеген жағдайларды қоспағанда, егер Тапсырыс беруші Өнім берушіге тиесілі қаражатты Шартта көрсетілген мерзімдерде төлемесе, Тапсырыс беруші Өнім берушіге мерзімі өткен әрбір күн үшін тиесілі соманың 0,1 % (нөл бүтін оннан бір) мөлшерінде ұсталған төлемдер бойынша тұрақсыздық айыбын (өсімпұл) төлейді. Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10 %-ынан аспауға тиіс.

7.3 Тауарды жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден ол міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады) не міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттемелер сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады). Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10 %-ынан аспауға тиіс.

7.4 Өнім беруші Тауарды жеткізуден бас тартқан немесе Шарт бойынша Тауар жеткізу мерзімі өткен күннен бастап, бірақ Шарт қолданысының аяқталу мерзімінен кешіктірмей, бір айдан аса мерзімге Тауар жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбының (айыппұл, өсімпұл) сомасын өндіріп ала отырып, бір жақты тәртіпте осы Шартты бұзуға құқылы.

7.5 Тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлеу Тараптарды осы Шартта көзделген міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

7.6 Егер кез келген өзгеріс Өнім берушіге Шарт бойынша Тауар жеткізу үшін қажетті құнның немесе мерзімдердің азаюына әкелетін болса, Шарт сомасы немесе Тауар жеткізу кестесі, немесе екеуі де тиісінше түзетіледі, ал Шартқа тиісті түзетулер енгізіледі. Өнім берушінің түзету жүргізуге барлық сұрау салулары Өнім беруші Тапсырыс берушіден өзгерістер туралы өкім алған күннен бастап 30 (отыз) күн ішінде ұсынуға тиіс.

7.7 Өнім беруші толығымен де, ішінара да біреуге осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін бермеуі тиіс.

8 Шарттың қолданыс мерзімі және бұзу талаптары

8.1 Шарт қол қойған күннен бастап күшіне енеді және 2021-12-31 дейін қолданылады.

8.2 Егер Өнім беруші банкрот немесе төлеуге қабілетсіз болса, Тапсырыс беруші кез келген уақытта Өнім берушіге тиісті жазбаша хабарлама жіберіп біржақты тәртіпте Шарт талаптарын орындаудан бас тарта алады. Бұл жағдайда Шарттың талаптарын орындаудан бас тарту тез арада жүзеге асырылады, және Тапсырыс беруші егер Шарттың талаптарын орындаудан бас



тарту ешқандай залал келтірмейтін немесе салдарынан Тапсырыс берушіге қойылған немесе қойылатын қандай да бір әрекеттерді жасауға немесе санкцияларды қолдануға құқықтарды қозғамайтын шартта Өнім берушіге қатысты ешқандай қаржылық міндет көтермейді.

8.3 Шарт талаптарын бұзғаны үшін қандай да бір санкцияларға зиян келтірместен Тапсырыс беруші осы Шарттың 7.4-тармағының талаптарын ескере отырып, Өнім берушіге міндеттемелерін орындамағаны туралы жазбаша хабарлама жіберіп

1) егер Өнім беруші Шартта көзделген мерзімде немесе Тапсырыс беруші ұсынған осы Шарттың ұзартылған кезеңі ішінде тауар жеткізе алмаса;

2) егер Өнім беруші өз міндеттемелерін орындай алмаса, осы Шартты толық немесе ішінара бұза алады.

8.4 Шарт мынадай фактілердің бірі анықталған жағдайда кез келген кезеңде оның бұзылуы туралы талапты қамтуы тиіс:

1) оның негізінде осы Шарт жасалған сатып алуға қатысты Заңның 6-бабында көзделген шектеулердің бұзылуының анықталуы;

2) мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы Өнім берушіге Заңда көзделмеген қолдауды көрсету;

8.5 Шартты одан әрі орындау орынсыз болған жағдайда оны тараптардың келісімі бойынша бұзуға болады.

Шарт жоғарыда көрсетілген мән-жайларға байланысты жойылған кезде Өнім беруші Шарт бойынша бұзылуға байланысты бұзылған күнге іс жүзіндегі шығындар үшін ақы талап етуге құқылы болады.

9 Хабарлама

9.1 Шартқа сәйкес бір тарап екінші тарапқа жіберетін кез келген хабарлама төленген тапсырыс хатпен немесе телеграмма, телекс, телефакс не веб-портал арқылы жіберіледі.

9.2 Хабарлама жеткізілгеннен кейін немесе көрсетілген күшіне ену күні (егер хабарламада көрсетілсе), осы екі күннің қайсысы кеш келетініне байланысты күшіне енеді.

10 Форс-мажор

10.1 Егер Шарт талаптарының орындалмауы форс-мажорлық жағдаяттардың нәтижесі болып табылса, Тараптар оның толық немесе ішінара орындалмауы үшін жауапкершілік көтермейді.

10.2 Шарт мақсаттары үшін «форс-мажор» Тараптардың бақылауына бағынбайтын және күтпеген сипаттағы оқиғаны білдіреді. Мұндай оқиғалар мыналарды қамти алады, бірақ тек олар ғана емес: соғыс қимылдары, табиғи немесе дүлей апаттар және басқалар.

10.3 Форс-мажорлық жағдаяттар туындаған кезде Өнім беруші тез арада Тапсырыс берушіге осындай жағдаяттар мен олардың себептері туралы жазбаша хабарлама жіберуге тиіс. Егер Тапсырыс берушіден басқа жазбаша нұсқаулықтар келіп түспесе, Өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттерін мүмкіндігінше орындауды жалғастырады және форс-мажорлық жағдаяттарға байланысты емес Шартты орындаудың баламалы тәсілдерін іздейді.



11 Даулы мәселелерді шешу

11.1 Тапсырыс беруші мен Өнім беруші Шарт бойынша немесе оған байланысты олардың арасында туындайтын барлық келіспеушіліктер немесе даулар тікелей келіссөздер үдерісінде шешуге барлық күш-жігерлерін салуға тиіс.

11.2 Егер осындай келіссөздерден кейін Тапсырыс беруші мен Өнім беруші Шарт бойынша дауларды шеше алмаса, Тараптардың кез келгені бұл мәселені Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешуді талап ете алады.

12 Өзге де шарттар

12.1 Шартқа кез келген өзгерістер мен толықтырулар Шарт жасасу нысаны сияқты нысанда жасалады.

12.2 . Өнім берушінің таңдауы үшін негіз болған сапаның өзгермеуі шарты мен басқа да шарттарда жасалған Шартқа өзгерістерді енгізуге:

1) Шартта жеткізілген Тауарлардың бірлігі үшін бағаның өзгермеуі шартында жеткізілетін Тауарлар көлемінде қажеттіліктің азаюымен не ұлғаюымен байланысты Шарт сомасының азаюы не ұлғаюы бөлігінде. Жасалған шартты осындай өзгертуге осы мемлекеттік сатып алу бойынша қалыптасқан үнемдеу шегінде жол беріледі;

2) егер Өнім беруші онымен жасасқан Шартты орындау үдерісінде тауар бірлігі үшін бағаның өзгермеуі шартында онымен жасасқан Шарттың мәні болып табылған жеткізілетін тауардың анағұрлым жақсы сапалы және (немесе) техникалық сипаттамасын не мерзімін және (немесе) талаптарын ұсынған жағдайда

3) Тауарлардың бағасын және тиісінше Шарт сомасының азаюы бөлігінде Тараптардың өзара келісімі бойынша;

4) егер Өнім беруші жеткізілетін тауардың өндірушісі болып табылған жағдайда Тауар жеткізу туралы шарттың орындалу мерзімі өзгерген бөлігінде рұқсат беріледі.

12.3 Тараптардың біреуінің Шарт бойынша міндеттерін беруіне тек екінші Тараптың жазбаша келісімімен жол беріледі.

12.4 Шарт веб-портал арқылы жасалған бірдей заңды күшіне ие қазақ және орыс тілінде жасалды.

12.5 Шартта реттелмеген бөлікте Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады.

13 Реквизиттер

Тапсырыс беруші:
"М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті"
коммерциялық емес акционерлік қоғамы
г.Шымкент, ПРОСПЕКТ ТАУКЕ ХАН, 5
БСН 990240005557
БСК EURKZKA
ЖСК KZ9894815KZT22032170
"Еуразиялық Банк" АҚ
Тел.: 87252210881
Өкімшілік шарушылық істері жөніндегі департамент
директоры Акимжанов Орынбасар

Өнім беруші:
"Зангар и К Security" жауапкершілігі шектеулі
серіктестігі
г.Шымкент, Микрорайон НУРТАС , Улица ГУЛДАЛА,
195
БСН/ЖСН 200740010737
БСК ALFAKZKA
ЖСК KZ209470398992940465
"Альфа-Банк" Еншілес банкі" АҚ
Тел.: 87015752000
Директор Аханбаев Омирсерик Омирзакович



Абревиатураларды таратып жазу:
БСН - бизнес-сәйкестендіру нөмірі;
БСК - банктік сәйкестендіру коды;
ЖСК - жеке сәйкестендіру коды;
ЖСН - жеке сәйкестендіру нөмірі;
ССН - салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі;
ТЕН - төлеушіні есепке алу нөмірі;
ҚҚС - қосылған құн салығы;
Т.А.Ә. - тегі аты әкесінің аты



Сатып алынатын тауарлар (көрсетілетін қызметтер, жұмыстардың) тізімі

Электрондық конкурстың №:

Электрондық конкурстың атауы: Решение о проведении государственных закупок

Лоттың №	Тапсырыс беруші атауы	Атауы	Қысқа сипаттама	Қосымша сипаттама	Өлшем бірлік	Саны, көлемі	Бірлік бағасы, тенге	Тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімі	Шарт бойынша тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімі	Жеткізу орындар	Аванс төлемінің мөлшері %, %	Жалпы сома, тенге
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13
2021 қаржылық жыл												
	"М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы	Сөндіргіш	автоматтық, бір полюсті, кернеуі 230-400 В	11209 Авт.выкл. 1-пол., 63А, 4,5кА, С, ВА63	Дана	90	2 980.00	шарт түзілген күннен бастап 30 күнтізбелік күн.	шарт түзілген күннен бастап 30 күнтізбелік күн.	Шымкент қ., Өл.Фараби ауданы Пр.Таукехана 5 (90)	0	268 200.00
2021 қаржылық жыл												



"М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы	Сөндіргіш	автоматтық, бір полюсті, кернеуі 750-1200 В	A9F79216 Авт. выкл.iC60N 2П 16А С	Дана	30	8 998.00	шарт түзілген күннен бастап 30 күнтізбелік күн.	шарт түзілген күннен бастап 30 күнтізбелік күн.	Шымкент қ., Әл Фараби ауданы Пр.Таукехана 5 (30)	0	269 940.00
--	-----------	---	-----------------------------------	------	----	----------	---	---	--	---	------------

2021 қаржылық жыл

"М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы	Қызу шамы	галогендік, цоколь типі G4, қуаты 7 Вт	EB103102105 Лампа Gauss LED Candle 5W E27	Дана	100	2 610.00	шарт түзілген күннен бастап 30 күнтізбелік күн.	шарт түзілген күннен бастап 30 күнтізбелік күн.	Шымкент қ., Әл Фараби ауданы Пр.Таукехана 5 (100)	0	261 000.00
--	-----------	--	---	------	-----	----------	---	---	---	---	------------

2021 қаржылық жыл

"М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы	Электржылу релесі	айналмалы тоқ	LRE357 Тепловое реле TESYS E 37...50A	Дана	12	22 198.00	шарт түзілген күннен бастап 30 күнтізбелік күн.	шарт түзілген күннен бастап 30 күнтізбелік күн.	Шымкент қ., Әл Фараби ауданы Пр.Таукехана 5 (12)	0	266 376.00
--	-------------------	---------------	---------------------------------------	------	----	-----------	---	---	--	---	------------

2021 қаржылық жыл

"М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы	Сөндіргіш	автоматтық, төрт полюсті, кернеуі 400-750 В	Автомат NiBD63 1р 40А	Дана	215	1 180.00	шарт түзілген күннен бастап 30 күнтізбелік күн.	шарт түзілген күннен бастап 30 күнтізбелік күн.	Шымкент қ., Әл Фараби ауданы Пр.Таукехана 5 (215)	0	253 700.00
--	-----------	---	-----------------------	------	-----	----------	---	---	---	---	------------

2021 қаржылық жыл



"М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы	Оқшаулағыш таспа	өнеркәсіптік қолдану үшін, резеңкелендірілген, ПОЛ - бір жақты әдепкі жабысқақтықтағы, ені 10-50 мм	ЭРА Лента изоляционная прорезиненная ХБ 150 Г	Орама	600	480.00	шарт түзілген күннен бастап 30 күнтізбелік күн.	шарт түзілген күннен бастап 30 күнтізбелік күн.	Шымкент қ., Әл Фараби ауданы Пр.Таукехана 5 (600)	0	288 000.00
--	------------------	---	---	-------	-----	--------	---	---	---	---	------------

2021 қаржылық жыл

"М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы	Есептік-бөлу қалқаны	түрі ЦРН	Шит ЦРН-24 (395x310x120)	Дана	40	7 120.00	шарт түзілген күннен бастап 30 күнтізбелік күн.	шарт түзілген күннен бастап 30 күнтізбелік күн.	Шымкент қ., Әл Фараби ауданы Пр.Таукехана 5 (40)	0	284 800.00
--	----------------------	----------	--------------------------	------	----	----------	---	---	--	---	------------

2021 қаржылық жыл

"М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы	Шипалар	аяқ-киім үшін, болаттан жасалған	Шипы к лазам ЛУ, КЛМ (комплект 8шт. со вставкой из твердого сплава) (ПО ЗМО)	Дана	40	6 650.00	шарт түзілген күннен бастап 30 күнтізбелік күн.	шарт түзілген күннен бастап 30 күнтізбелік күн.	Шымкент қ., Әл Фараби ауданы Пр.Таукехана 5 (40)	0	266 000.00
--	---------	----------------------------------	--	------	----	----------	---	---	--	---	------------

2021 қаржылық жыл

"М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы	Жіңішке тістеуік	диэлектрлік тұтқалармен	Длинногубцы изогнутые диэлектрические СТАНДАРТ 200мм (КВТ)	Дана	35	6 495.00	шарт түзілген күннен бастап 30 күнтізбелік күн.	шарт түзілген күннен бастап 30 күнтізбелік күн.	Шымкент қ., Әл Фараби ауданы Пр.Таукехана 5 (35)	0	227 325.00
--	------------------	-------------------------	--	------	----	----------	---	---	--	---	------------

2021 қаржылық жыл



"М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы	Үздіксіз қоректеу көзі	автономиялық емес	Источник питания ЭРА LP-LED-12-60W-IP67-M	Дана	30	8 990.00	шарт түзілген күннен бастап 30 күнтізбелік күн.	шарт түзілген күннен бастап 30 күнтізбелік күн.	Шымкент қ., Әл Фараби ауданы Пр.Таукехана 5 (30)	0	269 700.00
--	------------------------	-------------------	---	------	----	----------	---	---	--	---	---------------

2021 қаржылық жыл

"М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы	Кабель	марка АВВГнг(А)-LS, напряжение 1 000 В	Кабель АВВГ 3x50+1x25	Метр	180	1 390.00	шарт түзілген күннен бастап 30 күнтізбелік күн.	шарт түзілген күннен бастап 30 күнтізбелік күн.	Шымкент қ., Әл Фараби ауданы Пр.Таукехана 5 (180)	0	250 200.00
--	--------	--	-----------------------	------	-----	----------	---	---	---	---	---------------

2021 қаржылық жыл

"М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы	Прожектор	шамды диодты, қуаттылығы 1000 Вт-тан артық	Светодиодные прожекторы ЭРА LPR-100-6500K SMD Eco Slim 100Вт 9000Лм 6500K 305x205	Дана	40	7 230.00	шарт түзілген күннен бастап 30 күнтізбелік күн.	шарт түзілген күннен бастап 30 күнтізбелік күн.	Шымкент қ., Әл Фараби ауданы Пр.Таукехана 5 (40)	0	289 200.00
--	-----------	--	---	------	----	----------	---	---	--	---	---------------

2021 қаржылық жыл

"М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы	Шамшырақ	консольды, бүйірлік	Светильник LED ДКУ DRIVE 80W 5000K 7200Lm (РКУ/ЖКУ) Megalight	Дана	14	19 980.00	шарт түзілген күннен бастап 30 күнтізбелік күн.	шарт түзілген күннен бастап 30 күнтізбелік күн.	Шымкент қ., Әл Фараби ауданы Пр.Таукехана 5 (14)	0	279 720.00
--	----------	---------------------	---	------	----	-----------	---	---	--	---	---------------

2021 қаржылық жыл



"М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы	Мамандандырылған кабель	түрі PAAR-CY-OZ	Кабельный канал 40x25 (20шт в упаковке)	Метр	1500	167.00	шарт түзілген күннен бастап 30 күнтізбелік күн.	шарт түзілген күннен бастап 30 күнтізбелік күн.	Шымкент қ., Әл Фараби ауданы Пр.Таукехана 5 (1500)	0	250 500.00
--	-------------------------	-----------------	---	------	------	--------	---	---	--	---	---------------

2021 қаржылық жыл

"М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы	Түйістіргіш	герсиконды	Контактор Moeller 40А кат. 380В	Дана	18	14 326.00	шарт түзілген күннен бастап 30 күнтізбелік күн.	шарт түзілген күннен бастап 30 күнтізбелік күн.	Шымкент қ., Әл Фараби ауданы Пр.Таукехана 5 (18)	0	257 868.00
--	-------------	------------	---------------------------------	------	----	--------------	---	---	--	---	---------------

2021 қаржылық жыл

"М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы	Орауыш сым	маркасы ПЭЭИД-2-200	Провод АППВ 3x2,5	Метр	5000	51.00	шарт түзілген күннен бастап 30 күнтізбелік күн.	шарт түзілген күннен бастап 30 күнтізбелік күн.	Шымкент қ., Әл Фараби ауданы Пр.Таукехана 5 (5000)	0	255 000.00
--	------------	---------------------	-------------------	------	------	-------	---	---	--	---	---------------

2021 қаржылық жыл

"М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы	Брикеттеуші баспақ	гидравликалық	Пресс гидравлический ПГР-300 (10-300) (КВТ)	Дана	8	36 100.00	шарт түзілген күннен бастап 30 күнтізбелік күн.	шарт түзілген күннен бастап 30 күнтізбелік күн.	Шымкент қ., Әл Фараби ауданы Пр.Таукехана 5 (8)	0	288 800.00
--	--------------------	---------------	---	------	---	--------------	---	---	---	---	---------------

2021 қаржылық жыл



"М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы	Әмбебап қорап	типi УК, екі резистормен	Коробка распределительная для гипсокартона и полых стен KSC 11-404 (85*40мм)	Дана	400	655.00	шарт түзілген күннен бастап 30 күнтізбелік күн.	шарт түзілген күннен бастап 30 күнтізбелік күн.	Шымкент қ., Әл Фараби ауданы Пр.Таукехана 5 (400)	0	262 000.00
--	---------------	--------------------------	--	------	-----	--------	---	---	---	---	------------

2021 қаржылық жыл

"М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы	Ауыспалы тоқтың сақтандырғышы	күштік трансформаторларды және желілерді қорғауға арналған, ұсақ түйірлік кварцтық толтырғышпен	Предохранитель ПН-2 630А (6шт)	Дана	90	3 150.00	шарт түзілген күннен бастап 30 күнтізбелік күн.	шарт түзілген күннен бастап 30 күнтізбелік күн.	Шымкент қ., Әл Фараби ауданы Пр.Таукехана 5 (90)	0	283 500.00
--	-------------------------------	---	--------------------------------	------	----	----------	---	---	--	---	------------

2021 қаржылық жыл

"М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы	Дәнекерлегіш	полипропилен құбырлар мен фитингтерді дәнекерлеуге арналған, тұрмыстық	Паяльник для PE-RT 540006 размеры пайки 16-32	Дана	17	16 780.00	шарт түзілген күннен бастап 30 күнтізбелік күн.	шарт түзілген күннен бастап 30 күнтізбелік күн.	Шымкент қ., Әл Фараби ауданы Пр.Таукехана 5 (17)	0	285 260.00
--	--------------	--	---	------	----	-----------	---	---	--	---	------------

2021 қаржылық жыл

"М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы	Патрон	жарықтандырғыш	Патрон карболит E27 (потолочный) 001	Дана	1000	285.00	шарт түзілген күннен бастап 30 күнтізбелік күн.	шарт түзілген күннен бастап 30 күнтізбелік күн.	Шымкент қ., Әл Фараби ауданы Пр.Таукехана 5 (1000)	0	285 000.00
--	--------	----------------	--------------------------------------	------	------	--------	---	---	--	---	------------

2021 қаржылық жыл



"М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы	Бұрағыш	соқпа	Отвертка со сменными стержнями МАСТЕР НО-09 (КВТ)	Дана	70	3 990.00	шарт түзілген күннен бастап 30 күнтізбелік күн.	шарт түзілген күннен бастап 30 күнтізбелік күн.	Шымкент қ., Әл Фараби ауданы Пр.Таукехана 5 (70)	0	279 300.00
--	---------	-------	---	------	----	----------	---	---	--	---	---------------

2021 қаржылық жыл

"М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы	Қайшы	кабельдік, секторлық	Ножницы секторные универсальные НСТ-40 (КВТ)	Дана	3	88 780.00	шарт түзілген күннен бастап 30 күнтізбелік күн.	шарт түзілген күннен бастап 30 күнтізбелік күн.	Шымкент қ., Әл Фараби ауданы Пр.Таукехана 5 (3)	0	266 340.00
--	-------	----------------------	--	------	---	--------------	---	---	---	---	---------------

2021 қаржылық жыл

"М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы	Пышақ	кәбілдік	Нож изолированный НМИ-04 (КВТ) с дополнительным лезвием	Дана	40	6 715.00	шарт түзілген күннен бастап 30 күнтізбелік күн.	шарт түзілген күннен бастап 30 күнтізбелік күн.	Шымкент қ., Әл Фараби ауданы Пр.Таукехана 5 (40)	0	268 600.00
--	-------	----------	---	------	----	----------	---	---	--	---	---------------

2021 қаржылық жыл

"М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы	Құрал-саймандар жинағы	электр монтаждау жұмыстары үшін	Набор электромонтажника НИЭ №1 (КВТ)	Дана	4	68 750.00	шарт түзілген күннен бастап 30 күнтізбелік күн.	шарт түзілген күннен бастап 30 күнтізбелік күн.	Шымкент қ., Әл Фараби ауданы Пр.Таукехана 5 (4)	0	275 000.00
--	------------------------	---------------------------------	--------------------------------------	------	---	--------------	---	---	---	---	---------------

2021 қаржылық жыл



"М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы	Құрал-саймандар жинағы	құрылыс жұмыстары үшін	Набор диэлектрических имбусовых шестигранных ключей "Профи" НИИ-17 (КВТ)	Дана	25	1 050.00	шарт түзілген күннен бастап 30 күнтізбелік күн.	шарт түзілген күннен бастап 30 күнтізбелік күн.	Шымкент қ., Әл Фараби ауданы Пр.Таукехана 5 (25)	0	26 250.00
--	------------------------	------------------------	--	------	----	----------	---	---	--	---	--------------

2021 қаржылық жыл

"М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы	Қызу шамы	галогендік, цоколь типі E27, қуаты 18 Вт	Лампа ДРВ 500 E40	Дана	120	2 216.00	шарт түзілген күннен бастап 30 күнтізбелік күн.	шарт түзілген күннен бастап 30 күнтізбелік күн.	Шымкент қ., Әл Фараби ауданы Пр.Таукехана 5 (120)	0	265 920.00
--	-----------	--	-------------------	------	-----	----------	---	---	---	---	---------------

2021 қаржылық жыл

"М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы	Жарық диодты шам	цоколь типі E14, қуаты 5,3 Вт	Лампа светодиодная E14	Дана	110	2 280.00	шарт түзілген күннен бастап 30 күнтізбелік күн.	шарт түзілген күннен бастап 30 күнтізбелік күн.	Шымкент қ., Әл Фараби ауданы Пр.Таукехана 5 (110)	0	250 800.00
--	------------------	-------------------------------	------------------------	------	-----	----------	---	---	---	---	---------------

2021 қаржылық жыл

"М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы	Сигналдық таспа	оптикалық кабельді (ЛСО) сәйкестендіруге арналған	Лента сигнальная ЛСЭ 150 (100м)	Орама	70	3 700.00	шарт түзілген күннен бастап 30 күнтізбелік күн.	шарт түзілген күннен бастап 30 күнтізбелік күн.	Шымкент қ., Әл Фараби ауданы Пр.Таукехана 5 (70)	0	259 000.00
--	-----------------	---	---------------------------------	-------	----	----------	---	---	--	---	---------------

2021 қаржылық жыл



"М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы	Жарық диодты шам	цоколь типі E40, қуаты 80 Вт	Лампы СВЕТОДИОДНЫЕ POWER ЭРА LED smd POWER 40W-4000-E27	Дана	125	1 980.00	шарт түзілген күннен бастап 30 күнтізбелік күн.	шарт түзілген күннен бастап 30 күнтізбелік күн.	Шымкент қ., Әл Фараби ауданы Пр.Таукехана 5 (125)	0	247 500.00
--	------------------	------------------------------	---	------	-----	----------	---	---	---	---	------------



Договор о государственных закупках товаров

г.Шымкент

№25 (м)

